

Педкенесте
карапалды
«29» ағ 2024ж.



**«Табиғаттың сырларын ашамыз» вариативтік компонентінің жоспары
«Балабақшаның жасыл әлемі» жобасы бойынша
«Балдырыған» аралас тобы (4ж)**

Тәрбиеші: Егібаева Г.С.
МКҚК «Балауса» бөбекжай
балабақшасының
әдіскері Т.А. Скачковамен
кеңілліді

Қосестек
2024-2025 ж.

Түсінік хат

Қазіргі таңдағы экологиялық қарама-қайшылыктардың ғаламшарлық деңгейде күрделенуіне орай мәдениеттің жаңа түрі- экологиялық мәдениетті қалыптастыру міндет ерекше мәнге ие болып отыр.

Балабақшада балалардың экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыруда экологиялық білім мен тәрбие берудің педагогикалық мүмкүндіктерінің мол екендігі дәлелденді. Экологиялық мәдениеттің сипаты экологиялық білімнің төрөндігімен, қажеттілік, ұмтылыс, біліктілік пен әдettің даму дәрежесімен, табиғатт қорғаудың ұлттық дәстүрлерін менгерумен анықталады, сондыктан балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін тәрбиеші, педагог әдіскердің, атааналардың педагогикалық біліктілігі менлогикалық және эмоционалдық жактарына басты назар аудару қажеттілігі айқындалды. Бала, ата-ана, тәрбиешілермен жүргізілген балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар табиғатқа саналы көзкарасын дамытуда тиімді болып саналады. Ұсынып отырған проблема өте күрделі болғандыктан, инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және т.б. келелі мәселелер өз алдына дербес зерттеуді қажет ететінін атап өткен жөн.

Біздің алдымызда түрган басты міндет мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, мектепке дейінгі мекемелерде оку тәрбиелеу жұмыстарының тиімді жолдарын іздестірде. Балабақшада балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың түрлі формаларын ұйымдастыруға болады. Ұйымдастырылған оку іс-әрекеті осы жұмыстардың негізгі формасы десек, оның құрылымына инновациялық технологияларды қолдануға толық мүмкіндік бар. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын десек онда ойын технологиясы басымдық танытады. Экологиялық дидактикалық ойындар балалардың осы саладағы түсінігін қалыптастырып, бекітіп, адамгершілікке тәрбиелейді. Вариативтік компонент негізі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарттарының мақсат талаптарына сәйкес әзірленді.

Мақсаты:

Жеке тұлғаның өз тұған өлкесін танып білуін дамыту, ынтымактастық, коршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамшылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылықты қалыптастыру.

Тұған жерін, елін сүйюге, оның әрбір тіршілік иесін қорғай білуге, тұған өлкесі туралы мактанышпен айта білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- табиғат нысандары мен құбылыстарын бакылау білігі мен дағдыларын қалптастыру;
- табиғатты сактауда адамның рөлі туралы білімдерін жетілдіру;
- тұған өлкеміз жайлы балалардың ой-өрісін кенейту-эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- экологиялық тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыру және оң нәтижеге қол жеткізу;

«Табиғаттың сырларын ашамыз» (18 сағат)

Айы	№	Үйымдастырылған іс- әрекет	Сағат саны	Күні
Қыркүйек	1	<p>Тақырып: «Бақшаның телімі» Жер, күм, балшық.</p> <p>Мақсат: Қандай жерде өсімдіктер жақсы өсетінін анықтау.</p> <p>Тұжырым: Жерде тұқымдар пайда болды, күмда ете жаман, тастарда ештеме шықпады.</p>	1	12.09.24
	2	<p>Тақырып: «Сиқырлы көмбे» Жер.</p> <p>Мақсат: Жер, күм және балшықты салыстыру.</p> <p>Құрамын салыстыру.</p> <p>Тұжырым: Жер әр-түрлі болады.</p>	1	26.09.24
Қазан	3	<p>Тақырып: «Жермен танысамыз» Жер.</p> <p>Мақсат: Жерде ауа мен су болады ме екенинанықтау</p> <p>Тұжырым: Жердің түйіртпегінде көпіршіктер құрылды, ол ауа. Жерді ысытканда шыныда бу қалды.</p>	1	10.10.24
	4	<p>Тақырып: «Мұсіндер» Құм мен балшық.</p> <p>Мақсат: Қандай материалдың лепкаға жарамдылығын анықтау</p> <p>Тұжырым: Дымқыл құмнан мұсіндер жасауға болды, бірақ олар берік болмайды. Ал балшыктан мұсіндер берік болды.</p>	1	24.10.24
Қараша	5	<p>Тақырып: «Бірінші танысу ауамен дем алу» Ауа.</p> <p>Мақсат: Балаларға барлық тіршілік ауасыз өмір сүре алмайтынын түсіндіру. Судын ішінде де ауа бар екенін дәлелдел көрсету.</p> <p>Тұжырым: Бар тіршілік ауамен дем алады, ауа судын ішінде де бар.</p>	1	07.11.24
	6	<p>Тақырып: «Ауадағы иіс» Ауа</p> <p>Мақсат: Ауада иіс жоқ, бірақ сыртқы ортадан иемденетінін түсіндіру.</p> <p>Тұжырым: Ауанын иісі жоқ. Аңқыса ол басқа заттар оларды иісі арқылы анықтауға болады.</p>	1	21.11.24
Желтоқсан	7	<p>Тақырып: «Тарсылдақ өршіту» Ауа.</p> <p>Мақсат: Неге шар аязда жарылатынын анықтау.</p> <p>Тұжырым: Шар үрлегендегі ауа жылы, ал аяз сұзытып қысады. Соңад шар жарылады.</p>	1	05.12.24
	8	<p>Тақырып: «Ыстық, жылы, сұық» Ауа</p>	1	19.12.24

		<p>Мақсат: Ауаның сүйк және жылы болатынын есеке алу. Ауаның температурасын әр бөлмеде анықтау: жоғары, төмен</p> <p>Тұжырым: Шам ауаны жылыта бастағасын, карусел айнала бастады. Жылы ауа жоғары көтерілді. Жылы ауа сүйктан жеңіл.</p>		
Қантар	9	<p>Тақырып: «Таңданарлық зат» Су</p> <p>Мақсат: Балаларды сумен таныстыру. Эксперимент жасауды үйрету.</p> <p>Тұжырым: Су мөлдір, иісі, түсі жоқ, тамырдың пішінін иемденеді.</p>	1	09.01.25
	10	<p>Тақырып: «Танысындар: неведимка» Су, бу</p> <p>Мақсат: Су ұша алатынын және газ тәрізді бола алатынын тәжірбие арқылы көрсету</p> <p>Тұжырым: Су қайнағандабуға айналады</p>	1	23.01.25
Ақпан	11	<p>Тақырып: «Судың температуrasesы» Су</p> <p>Мақсат: Судың температуrasesы бар екенін түсіндіру.</p> <p>Тұжырым: Су сүйк, жылы, ыстық бола алады.</p>	1	06.02.25
	12	<p>Тақырып: «Судың түсі бар ма?» Су</p> <p>Мақсат: Балалармен судың түсі бар ма екенін тексеру.</p> <p>Тұжырым: Су түссіз</p>	1	20.02.25
Наурыз	13	<p>Тақырып: «Жел, жел сен құдіреттісін». Жел</p> <p>Мақсат: Желде дымқыл матамен не болады?</p> <p>Тұжырым: Желге ілініп тұрған мата тез арада кеуіп қалды.</p>	1	06.03.25
	14	<p>Тақырып: «Тастардың сыры» Тас</p> <p>Мақсат: Қандай дәрежеге дейін тас күн сәулесін өткізеді.</p> <p>Тұжырым: Жер кеуіп қалды, ал тастың асты кеппеді.</p>	1	20.03.25
Сәуір	15	<p>Тақырып: «Материалдар әлеміне сапар» Темір</p> <p>Мақсат: Темірдің құрамын анықтау.</p> <p>Тұжырым: Темір суланбайды, бірақ су астында көп жатса даттанады. Темір жанбайды, бірақ жоғары температурада қызады. Темірді майыстыру қын, ол үшін бейімдемелер қажет. Өйткені темір қатты.</p>	1	03.04.25
	16	<p>Тақырып: «Тастардың сыры» Тас және балшық</p> <p>Мақсат: Тас пен балшықтың құрамын салыстыру.</p>	1	17.04.25

		Тұжырым: Су тастармен таза, өйткені тас суда ерімейді. Ал су балшықпен лай, бірақ көп тұрса ыдыс түбіне тұнып қалады.		
Мамыр	17	Тақырып: «Маталар әлеміне саяхат» Мата. Максат: Матаның қасиетімен сапасын анықтау. Тұжырым: Мата-жанғыш,суды сорады,быксыйды және балқиды.матаны тез үтіктеуге және уқалауға болады.Мата қалың оны жырту қын.	1	15.05.25
	18	Тақырып: «Материалдар әлеміне саяхат» Қағаз. Максат: Қағаздың қасиетін анықтау. Тұжырым: Қағаз өте нәзік материал,ол су өткізгіш, жанғыш. Оны оңай умаждауға болады , үтіктеу өте қын.Оңай жыртылады. Қағаздың сапасына карай белгілі бір уакытқа дейін суда жүзуі мүмкін.Қағаздан жарық түспейді,оңай кесіледі.	1	29.05.25

Күтілетін нәтиже:

- Игеру қорытындысы мектепке дейінгі бала- жыл соңында міндетті;
- Танымдық қызметтің дағдыларын игеру: заттың әртүрлі сапасын қадағалай білу, бөгде адамның ісін бағдарлай білу, зерттеудің қорытындысын көре білу. Кейбір материалдарды табыс ету және олардың қасиеттерін білу. Ауа, су және топырақ туралы көргендерін қалыптастыру.
- элементарлық тәжірибелер мен зерттеулер жасай білуі керек, жай себепті тергеудегі байланыстарды тағайында: іздеуді аяғына дейін жеткізу, әртүрлі материалдарды білу, шағын топтарда жұмыс жасай білу.